ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 4 қыркүйек №5265-23-00-2/1989 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Л.Н.Калдиеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 09 маусым №203 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде жұмыстар орындалмаған.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 04.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Калдиева Л. Н., 14.10.2023
5265-23-3-1/2169

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Келісім-шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына тауар жеткізбегені үшін 23 күнге есептелген 6 438 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (279 890*0,1%*23).

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 194 теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндіру қажет.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлынан Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 6 438 (алты мың төрт жүз отыз сегіз) теңге тұрақсыздық, 194 (бір жүз тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 04.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Калдиева Л. Н., 14.10.2023
5265-23-3-1/2169

Дара кәсіпкер Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлынан мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 04.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Калдиева Л. Н., 14.10.2023
5265-23-3-1/2169